

Жергілікті қамту бойынша сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 тамыздағы № 1038 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 20 қарашадағы № 781 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 20.11.2018 № 781 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы Заңының 4-бабының 7) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жергілікті қамту бойынша сараптама жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 9 тамыздағы
№ 1038 қаулысымен
бекітілген

Жергілікті қамту бойынша сараптама жүргізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жергілікті қамту бойынша сараптама жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы Заңының 4-бабының 7) тармақшасына сәйкес әзірленген және жергілікті қамту бойынша индустриялық-инновациялық жобаларға сараптама жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) жергілікті қамту бойынша сараптама - республикалық индустрияландыру картасына енгізуге үміткер индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің индустриялық-инновациялық жобасындағы жергілікті қамтуды бағалау;

2) жергілікті қамту - индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің индустриялық-инновациялық жобасына қатыстырылған Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбегіне ақы төлеу құнының осы жоба бойынша еңбекке ақы төлеудің жалпы қорынан және (немесе) тауарларда, жұмыстар мен қызметтерде белгіленген жергілікті өндірілу үлестері құнының индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің индустриялық-инновациялық жобасын іске асыру кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің жалпы құнынан пайыздық қамтылуы;

3) индустриялық-инновациялық жоба - технологиялар трансфертіне, жаңа немесе жетілдірілген өндірістер, технологиялар, тауарлар, жұмыстар және қызметтер жасауға бағытталған, белгілі бір уақыт мерзімі ішінде іске асырылатын іс-шаралар кешені;

4) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган - индустрия және индустриялық-инновациялық даму саласындағы басшылықты жүзеге асыратын, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде салааралық үйлестіруді және индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауды іске асыруға қатысуды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

5) индустрияландыру картасы – индустриялық-инновациялық жүйе мониторингінің (іске асырылуының) құралы болып табылады, ол белгілі бір қаржыландыру көздері, оларды іске асыру жөніндегі кестелері мен іс-шаралар жоспарлары бар республикалық және өңірлік индустрияландыру карталарына енгізілген индустриялық-инновациялық жобалардың жиынтығын білдіреді;

б) тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің және оларды берушілердің дерекқоры (бұдан әрі - дерекқор) - отандық тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің және оларды берушілердің тізбесі;

2. Жергілікті қамту бойынша сараптама жүргізу тәртібі

3. Жергілікті қамту бойынша сараптаманы жергілікті қамтуды дамыту саласындағы ұлттық даму институты жүргізеді.

4. Жергілікті қамту бойынша сараптама жүргізу үшін материалдарды (бұдан әрі – материалдар) уәкілетті орган осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен республикалық және өңірлік индустрияландыру карталарына жобаларды енгізу қағидаларында белгіленген тәртіппен жібереді.

5. Индустриялық-инновациялық жобаның жергілікті қамту бойынша сараптамасын уәкілетті органнан материалдарды алған күннен бастап он бес

жұмыс күні ішінде жүргізіледі және индустриялық-инновациялық жобадағы жергілікті қамтуды анықтаудан тұрады.

6. Жергілікті қамтуды дамыту саласындағы ұлттық даму институты жергілікті қамту бойынша сараптама жүргізу үшін материалдарды ұқсас тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді іздеу мақсатында дерекқорда бар тауарлар, жұмыстар мен қызметтер туралы ақпаратпен салыстырып тексереді.

Ұқсас тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді іздеу жүргізу қорытындылары бойынша жергілікті қамтуды дамыту саласындығы ұлттық даму институты мынадай есеп жүргізеді:

1) индустриялық-инновациялық жобаны іске асыру кезінде пайдалануға жоспарланған тауардың жалпы құнынан ($ЖҚ_T$) тауарда белгіленген жергілікті жерден шыққан үлес құнының пайыздық мазмұны мына формула бойынша:

$$ЖҚ_T = 100 \% \times \left(\sum_{i=1}^n TK_i \times K_i \right) / S$$

мұнда:

n – материалдарда көзделген тауарлардың жалпы саны;

i – материалдарда көзделген тауарлардың реттік нөмірі;

TK_i – материалдарда көзделген i -шы тауар құны;

K_i – дерекқорда көрсетілген ұқсас тауарлардың жергілікті қамту үлесі, $K_i = 0$, дерекқорда тауар болмаған жағдайда;

S – материалдарда көзделген тауарлардың жалпы құны.

2) индустриялық-инновациялық жобаны іске асыру кезінде пайдалануға жоспарланған жұмыстар мен қызметтердің жалпы құнынан ($ЖҚ_{ж/к}$) жұмыстар мен қызметтерді белгіленген жергілікті жерден шыққан үлес құнының пайыздық мазмұны мына формула бойынша:

$$ЖҚ_{ж/к} = 100\% \times \frac{\sum_{i=1}^n TK_i \times K_i + \sum_{j=1}^m (ШҚ_j \times TK_j) \times R_j}{S},$$

мұнда:

n – материалдарда көрсетілген жұмыстарды немесе қызметтерді орындау үшін қажетті тауарлардың жалпы саны;

i – материалдарда көрсетілген қажетті тауарлардың реттік нөмірі;

TK_i – материалдарда көзделген i -шы тауар құны;

K_i – дерекқорда көрсетілген ұқсас тауардағы жергілікті қамту үлесі, $K_i = 0$, дерекқорда тауар болмаған жағдайда;

m – материалдарда көрсетілген жұмыстарды немесе қызметтерді орындау үшін қажетті жұмыстардың немесе қызметтердің жалпы саны;

j – материалдарда көрсетілген жұмыстардың немесе қызметтердің реттік нөмірі;

$ШҚ_j$ – материалдарда көрсетілген j -шы жұмыстардың немесе қызметтердің құны;

$ТҚ_j$ – материалдарда көзделген жұмыстарды немесе қызметтерді орындау үшін қажетті тауардың жиынтық құны;

R_j – дерекқорда көрсетілген жұмыстарды немесе қызметтерді орындайтын жеткізуші қызметкерлеріне жалпы еңбекақы төлеу қорындағы жергілікті кадрларға еңбекақы төлеу қорының үлесі;

S – материалдарда көрсетілген жұмыстардың немесе қызметтердің жалпы құны.

Дерекқорда бірнеше ұқсас тауарлар болған жағдайда, жергілікті қамтудағы мына формула бойынша есептелген тауардың орташа үлесі белгіленеді:

$$K_i = \frac{\sum_{i=1}^n C_i}{n},$$

мұнда:

C_i – дерекқорда көрсетілген тауардағы жергілікті қамту үлесі;

i – дерекқорда көрсетілген тауардың реттік нөмірі;

n – дерекқорда ұқсас тауарлар саны.

Дерекқорда жұмыстарды немесе қызметтерді бірнеше жеткізуші болған кезде жергілікті кадрларға еңбекақы төлеу қорының жұмыстарды немесе қызметтерді жеткізушілердің мына формула бойынша есептелген орташа үлесі белгіленеді:

$$R_i = \frac{\sum_{i=1}^n ETK_i}{n},$$

мұнда:

$ЕТҚ_i$ – Қазақстан Республикасының азаматтарына дерекқорда көрсетілген i -шы жұмыстарды немесе қызметтерді жеткізушілерге еңбек төлеу қорының үлесі;

i – дерекқорда көрсетілген жұмыстарды немесе қызметтерді жеткізушілердің реттік нөмірі;

n – дерекқорда көрсетілген жұмыстарды немесе қызметтерді жеткізушілер саны.

Жалпы еңбекақы төлеу қорынан индустриялық-инновациялық жобаға тартуға жоспарланған Қазақстан Республикасының азаматтарына еңбекақы төлеу құнының пайыздық мазмұнының есебі ($ЖҚ_k$) мына формула бойынша жүргізіледі:

$$ЖҚ_k = \frac{ЕТҚ_k}{ЕТҚ} \times 100 \%,$$

$ЕТҚ_k$ – материалдарда көрсетілген индустриялық-инновациялық жобаға жұмылдырылған Қазақстан Республикасының азаматтарына еңбекақы төлеу құны;

ЕТҚ – материалдарда көрсетілген индустриялық-инновациялық жобаға жұмылдырылған мамандарға жалпы еңбекақы төлеу қоры.

6-1. Осы Қағидалардың 6-тармағына сәйкес бірдей тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді іздеуді жүргізу үшін "Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы" 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Ұлттық кәсіпкерлер палатасы қалыптастыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және олардың өнім берушілерінің деректер базасы да пайдаланылуы мүмкін.

Ескерту. Қағидалар 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 N 1524 қаулысымен.

7. Жергілікті қамту бойынша сараптаманың нәтижесі жергілікті қамтуды дамыту саласындағы ұлттық даму институтының фирмалық бланкінде жазылатын сараптамалық қорытынды болып табылады және мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) сараптамалық қорытындының күні, нөмірі;
- 2) индустриялық-инновациялық жобаның мақсаты;
- 3) индустриялық-инновациялық жобаға қатыстырылуға жоспарланған Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбегіне ақы төлеу құнының осы жоба бойынша еңбекке ақы төлеудің жалпы қорынан және тауарларда, жұмыстар мен қызметтерде белгіленген жергілікті өндірілу үлестері құнының

индустриялық-инновациялық жобаны іске асыру кезінде пайдалануға жоспарланған тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің жалпы құнынан пайыздық қамтылуы;

Сараптамалық қорытындыға жергілікті қамтуды дамыту саласында ұлттық даму институтының бірінші басшысы не оны алмастыратын тұлға, сондай-ақ жергілікті қамту бойынша осы сараптаманы жүргізген тұлғалар қол қояды.

8. Сараптамалық қорытынды қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалады , оның бірін жергілікті қамтуды дамыту саласындығы ұлттық даму институты қол қойылған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде уәкілетті органға жібереді, екіншісі жергілікті қамтуды дамыту саласындығы ұлттық даму институтында сақталады.

Жергілікті қамту бойынша
сараптама жүргізу
қағидаларына 1-қосымша

**Индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің
индустриялық-инновациялық жобасын іске асыру кезінде
пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің жалпы
құнынан тауарларда, жұмыстарда және қызметтерде белгіленген
жергілікті жерде шығарылу үлесінің құны туралы ақпарат беру нысаны**

Индустриялық-инновациялық жобаның атауы _____

Индустриялық-инновациялық жобаның мақсаты _____

Индустриялық-инновациялық жобаның саласы _____

Сатып алынатын Т Ж Қ атаулары	Сатып алынатын ТЖҚ-ның қысқаша сипаттамасы	СПК бойынша Т Ж Қ коды	Өлшем бірлігі	С атып алудың жоспарланған көлемі заттай мәнде	ҚҚС есебімен сатып алуға жоспарланған сома, мың теңге	Әлеуетті жеткізушілер	Т Ж Қ жеткізетін ел	Ж Қ болжамды үлесі %
1	2	3	4	5	6	7	8	9
20__ жыл								
Тауарлар								
Жұмыстар								
Қызметтер								
20__ жыл								

Ескертпе:

нысанды толтыру тәртібі:

1-бағанда сатып алынатын тауардың, жұмыстың және қызметтің атауы көрсетіледі;

2-бағанда сатып алынатын тауардың, жұмыстың және қызметтің қысқаша сипаттамасы көрсетіледі (техникалық шарттар, қасиеттері мен сипаттамалары);

3-бағанда 10 символ деңгейінде өнімдердің (тауарлардың және қызметтердің) моделді статистикалық жіктеуішіне сәйкес тауардың, жұмыстың немесе қызметтің коды көрсетіледі;

4-бағанда тауардың өлшем бірлігі көрсетіледі. Баған жұмыстар және қызметтер бойынша толтырылмайды;

5-бағанда тауарды өлшеудің көрсетілген бірлігіне сәйкес тауардың (сатып алу көлемі) заттай мәндегі жоспарлаған саны көрсетіледі. Баған жұмыстар және қызметтер бойынша толтырылмайды;

6-бағанда ҚҚС есебімен тауарларды, жұмыстарды немесе қызметтерді сатып алудың болжамды көлемі мың теңгемен көрсетіледі (бөлінген сан жүздік үлеспен);

7-бағанда жеткізушінің атауы көрсетіледі;

8-бағанда жеткізушінің елі көрсетіледі;

9-бағанда жергілікті қамтудың тауардағы, жұмыстағы немесе қызметтегі болжамды үлесі % да көрсетіледі (жүздік үлеске дейін).

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ТЖҚ – тауарлар, жұмыстар және қызметтер;

ӨСЖ – өнімнің статистикалық жіктеуіші;

ҚҚС – қосымша құн салығы.

Жергілікті қамту бойынша
сараптама жүргізу
қағидаларына 2-қосымша

Жалпы еңбекақы төлеу қорынан индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің индустриялық-инновациялық жобаға жұмылдырылған Қазақстан Республикасы азаматтарына еңбекақы төлеу құны туралы ақпарат беру нысаны

Индустриялық- инновациялық жобаның атауы

Индустриялық- инновациялық жобаның мақсаты

Индустриялық- инновациялық жобаның саласы

Индустриялық-инновациялық жоба шеңберінде жұмыс істейтін жұмыскерлерге жалпы еңбекақы төлеу қоры, мың теңгемен (сан ондық үлеспен)

Индустриялық-инновациялық жоба шеңберінде жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының азаматтарына еңбекақы төлеу құны, мың теңгемен (сан ондық үлеспен)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ